

**Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу мәселелері бойынша кейбір нормативтік құқықтық актілерінің жекелеген нормаларының қолданылуын тоқтата тұру және "Ақпарат берушілердің кредиттік бюроларға ақпарат беру тәртібінің шарттары мен ең төмен талаптарын, Кредиттік тарих субъектілерінің өздері туралы ақпаратты кредиттік бюроларға (мемлекет қатысатын кредиттік бюроны қоспағанда) беруге келісімін ресімдеу, кредиттік бюродан кредиттік есепті беруге келісімін ресімдеу қағидаларын, сондай-ақ Кредиттік есепті берудің қағидалары мен шарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 27 наурыздағы № 53 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 22 наурыздағы № 19 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылы 23 наурызда № 20159 болып тіркелді.

**З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**Осы қаулы 30.03.2020 бастап қолданысқа енгізіледі**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық Кодексі)" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 наурыздағы, "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" 2003 жылғы 2 шілдедегі, "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі, "Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы" 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес "Қазақстан Республикасында төтенше жағдайды енгізу туралы" 2020 жылғы 15 наурыздағы № 285 және "Әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы" 2020 жылғы 16 наурыздағы № 286 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтарына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерін және оларды есептеу әдістемелерін, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының немесе сақтандыру холдингтерінің еншілес ұйымдары сатып алатын заңды тұлғалардың акцияларына (жарғылық капиталдағы қатысу үлестеріне) қойылатын талаптарды, сақтандыру холдингтері сатып алатын халықаралық қаржы ұйымдары

облигацияларының тізбесін, сақтандыру холдингтері сатып алатын облигациялар үшін талап етілетін ең төмен рейтингті және рейтингтік агенттіктердің тізбесін, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары сатып алатын қаржы құралдарының (акциялар мен жарғылық капиталына қатысу үлестерін қоспағанда) тізбесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 304 қаулысында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14794 болып тіркелген, 2017 жылғы 24 ақпанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) 2020 жылғы 30 наурыздан бастап 2020 жылғы 30 қыркүйекке дейін қоса алғанда мынадай нормалардың қолданылуы тоқтатылсын:

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерін және оларды есептеу әдістемесінде:

38-тармақтың 15) тармақшасы тоқтата тұру кезеңінде осы тармақша мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"15) халықаралық қаржы ұйымдары шығарған, Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "А+" төмен емес кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар, сондай-ақ "Қазақстанның Даму Банкі" шығарған және Қазақстан Республикасының ұлттық валютасына номинирленген борыштық бағалы қағаздар;"

4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Сапасы мен өтімділігі бойынша жіктелуін ескере отырып, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы активтерінің кестені тоқтата тұру кезеңінде осы қосымша осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес редакцияда қолданылады деп белгіленсін;

5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының жоғары өтімді активтерінің кестені тоқтата тұру кезеңінде осы қосымша осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес редакцияда қолданылады деп белгіленсін.

2. "Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу мәселелері бойынша кейбір нормативтік құқықтық актілерінің жекелеген нормаларының қолданылуын тоқтата тұру және "Ақпарат берушілердің кредиттік бюроларға ақпарат беру тәртібінің шарттары мен ең төмен талаптарын, Кредиттік тарих субъектілерінің өздері туралы ақпаратты кредиттік бюроларға (мемлекет қатысатын кредиттік бюроны қоспағанда) беруге келісімін ресімдеу, кредиттік бюродан кредиттік есепті беруге келісімін ресімдеу қағидаларын, сондай-ақ Кредиттік есепті берудің қағидалары мен шарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 27 наурыздағы № 53 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу

тізілімінде № 15115 тіркелген, 2017 жылғы 6 маусымда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Кредиттік есепті берудің қағидалары мен шарттарында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Заңның 24-бабында көрсетілген ақпарат қамтылатын кредиттік есепті кредиттік бюро Заңның 29-бабының 1-тармағында көзделген негіздер бойынша оны алуға құқығы бар алушыға осы қаулымен бекітілген Кредиттік тарих субъектілерінің өздері туралы ақпаратты кредиттік бюроларға (мемлекет қатысатын кредиттік бюроны қоспағанда) беруге келісімін ресімдеу, кредиттік бюродан кредиттік есепті беруге келісімін ресімдеу қағидаларының 8-тармағына сәйкес ресімделген кредиттік тарих субъектісінің кредиттік бюродан кредиттік есепті беруге келісімі болғанда электрондық немесе қағаз тасымалдағышта береді.

Кредиттік бюро кредиттік есепте кредитке "оңалтылған" мәртебесін көрсетуді қамтамасыз етеді, ол күнтізбелік тоқсан күн ішінде мерзімі өткен берешегі бар (рұқсат етілген) кредитке мынадай жағдайларда беріледі:

- 1) кредит бойынша берешекті өтегеннен кейін күнтізбелік он екі ай өткеннен кейін;
- 2) кредиттік тарих субъектісі қайта құрылымдау немесе қайта қаржыландыру күніне берешек сомасының елу пайызынан астамын төледі және қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде кредитті қайта құрылымдаудан немесе қайта қаржыландырғаннан кейін күнтізбелік отыз күннен астам мерзімге мерзімін кешіктіруге жол бермеді;
- 3) мерзімі тоқсан күнтізбелік күннен асып кеткен берешекті өтегеннен кейін, кредиттік тарих субъектісі қатарынан соңғы он екі күнтізбелік айдың ішінде күнтізбелік отыз күннен асатын мерзімге мерзімін кешіктіруге жол бермеді.

Кредитке "оңалтылған" мәртебесін берген кезде кредиттік бюро кредит есебінде кредит бойынша мерзімі кешіктірілген күндер саны туралы мынадай ақпараттың болуын қамтамасыз етеді:

- 1) кредитті қайта құрылымдау немесе қайта қаржыландыру кезінде – кредитті қайта құрылымдау немесе қайта қаржыландыру күнінен кейін туындаған мерзімі өткен күндердің саны;
- 2) өзге жағдайларда – нөл мөлшерінде.

Осы тармақтың мақсаттары үшін кредит деп банктік қарыздар мен микрокредиттер түсініледі."

3. "Банктің пруденциялық нормативтерінің және сақталуы міндетті өзге де нормалары мен лимиттерінің нормативтік мәндері мен оларды есептеу әдістемелерін, капиталының мөлшерін және Ашық валюталық позицияны есептеу қағидалары мен оның лимиттерін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 13 қыркүйектегі №170 қаулысында (Нормативтік

құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15886 тіркелген, 2017 жылғы 25 қазанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) 2020 жылғы 30 наурыздан бастап 2020 жылғы 30 қыркүйекке дейін қоса алғанда мынадай нормалардың қолданылуы тоқтатылсын:

көрсетілген қаулымен бекітілген Банктің пруденциялық нормативтерінің және сақталуы міндетті өзге де нормалары мен лимиттерінің нормативтік мәндері мен оларды есептеу әдістемелерінде, капиталының мөлшерінде:

2-тармақтың 5) тармақшаны тоқтата тұру кезеңінде осы тармақша мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"5) кепілдің тұрақсыз түрлері – болашақта түсетін мүлік және ақша (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасасқан мемлекеттік-жекешелік әріптестік келісімшарты бойынша, жағдайлары Нормативтердің 2-1-тармағында көзделген банктік қарыз шарты бойынша кепіл болып табылатын инвестициялық шығындардың өтемақысын есепке жатқызуға арналған шотқа аударылатын ақша түсімі бойынша мемлекеттік серіктестікке қойылатын талап құқықтарын, мемлекеттік-жеке меншік әріптестік жобасын іске асыру барысында өндірілген тауарлардың және (немесе) қызметтердің белгілі бір мөлшерін тұтыну кепілдігі түріндегі ақшалай түсімдерін, сондай-ақ Нормативтердің 2-2-тармағында көзделген талаптарға сәйкес келгенде банктік қарыз шарты бойынша кепіл болып табылатын off-take келісімшарты бойынша болашақта түсетін ақшаны, қарастырылған шарттарды ескере отырып, синдикатталған қарыздар үшін кепіл болып табылатын мүлікті қоспағанда), (мемлекеттің қатысуы бар компаниялармен (квазимемлекеттік сектор субъектілерімен) жасалған шарттар бойынша келіп түсетін ақшаны қоспағанда), сақтандыру шарттары (Standard & Poor's рейтингтік агенттігінің "BB+" төмен емес рейтингі немесе Moody's Investors Service, Fitch және A.M. Best агенттіктерінің (бұдан әрі – басқа рейтингтік агенттіктер) рейтингі бар сақтандыру компанияларымен жасалған, міндеттемелерді шартсыз және кері қайтарусыз орындау туралы тармақтары бар сақтандыру шарттарын, жағдайлары Нормативтердің 2-1-тармағында көзделген сақтандыру шарттарын қоспағанда), жеке немесе заңды тұлғалардың кепілдіктері (Standard & Poor's рейтингтік агенттігінің "BB+" төмен емес кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар заңды тұлғалардың кепілдіктерін, Standard & Poor's рейтингтік агенттігінің немесе басқа рейтингтік агенттіктердің "B-" төмен емес кредиттік рейтингі бар екінші деңгейдегі банктердің кепілдіктерін, сондай-ақ ұлттық басқарушы холдингтер және олардың еншілес ұйымдары берген кепілдіктерді қоспағанда), материалдық емес активтер, жарғылық капиталға қатысу үлестері немесе Қазақстан Республикасының сауда-саттықты ұйымдастырушыларының және (немесе) халықаралық қор биржалары танитын сауда-саттықты ұйымдастырушылардың ресми тізіміне енгізілмеген бағалы қағаздар (айналым қаражатын қаржыландырумен байланысты емес мақсаттарға берілген қарыздар бойынша берешегінің есептелген

сыйақыларды, салықтық есептеулерді және есептелген амортизацияны (ЕБИТДА) төлеу жөніндегі шығыстарды шегергенге дейінгі пайдасына қатынасы 4-тен аспайтын заңды тұлғалардың кепілмен қамтамасыз етуге қабылданған жарғылық капиталына қатысу үлестерін және (немесе) бағалы қағаздарын қоспағанда), қағазға басып шығарылған астық қолхаттары, Қазақстан Республикасынан тыс жердегі кепілмен қамтамасыз ету (көрсетілген елдердің кепілмен қамтамасыз етудің тиісінше ресімделуін растайтын құқығына сәйкес банктің заң консультанттарының немесе еншілес ұйымдары мамандарының қорытындысы болған кезде Еуразиялық Экономикалық Одақ елдеріндегі кепілмен қамтамасыз етуін қоспағанда);";

2-2-тармақты тоқтата тұру кезеңінде осы тармақ мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"2-2. Off-take келісімшарты бойынша болашақта түсетін ақша мынадай талаптар сақталған жағдайларда:

1) мыналар тапсырыс беруші болғанда:

дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) 50 (елу) пайызынан астамы мемлекетке немесе ұлттық басқарушы холдингке тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлға, не;

мемлекеттік мекеме, не;

облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы;

Standard & Poor's рейтингтік агенттігінің немесе басқа рейтингтік агенттіктердің "BB+" төмен емес рейтингі бар заңды тұлға, не;

ірі жүйе құраушы кәсіпорын, не;

осы тармақшаның екінші, үшінші, төртінші, бесінші және алтыншы абзацтарында көрсетілген тұлғалар соңғы 2 (екі) жыл ішінде кірісінің кем дегенде 70 (жетпіс) пайызын қалыптастыратын заңды тұлға;

2) келісімшарттың талаптарында өндіруші (жеткізуші) келісімшарт бойынша қабылдаған міндеттемелерді тиісінше орындаған кезде тапсырыс берушінің өндірушінің (жеткізушінің) алдындағы өзінің міндеттемелерін міндетті орындауы көзделгенде;

3) өндіруші (жеткізуші) - қарыз алушының кредиттік бюроның деректері бойынша соңғы 2 (екі) жылда күнтізбелік 30 (отыз) күннен асатын мерзімді мерзімі өткен берешегінің болмауымен көрінетін оң кредиттік тарихы болғанда.

Нормативтердің мақсаты үшін ірі жүйе құраушы кәсіпорындарға мынадай өлшемшарттарға сәйкес келетін кәсіпорындар жатады:

өнімді сатудан (қызмет көрсетуден) түскен түсім – соңғы 2 (екі) жылда жыл сайын кемінде 50 (елу) миллиард теңге;

салық аударымдары – соңғы 2 (екі) жылда жыл сайын кемінде 3 (үш) миллиард теңге.

Синдикатталған қарыздар бойынша қамтамасыз ету болып табылатын мүлік мынадай шарттар сақталған жағдайда кепілдің тұрақты емес түрлерінен алынып тасталады:

ұйымдастырушы (агент-банк) Standard & Poor' s агенттігінің "BB+"-тен төмен емес борыштық рейтингі немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар банк болып табылады;

ұйымдастырушының қаржыландыру үлесі синдикатталған қарыз сомасының кем дегенде 50 (елу) пайызын құрайды;

синдикатталған қарыз өндірістік объектілерді салу бойынша инвестициялық мақсаттарға бөлінеді;

жобада жобалық компанияның шығынсыздығы және құрылыс объектісін пайдалануға енгізгеннен кейінгі және қаржыландыру мерзімі аяқталғанға дейінгі кезеңде операциялық және қаржылық қызметтен оң ақша ағындары көзделеді;

синдикатталған қарыз кемінде 7 (жеті) жыл мерзімге беріледі.";

57-тармақтың бірінші бөлігінің 7) тармақшаны тоқтата тұру кезеңінде осы тармақша мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"7) Нормативтерге 5-қосымшаға сай Салымдардың кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген банк активтерінің кестесіне сәйкес корреспонденттік шоттар бойынша Қазақстан Республикасының резиденттері-банктерге және Қазақстан Республикасының бейрезиденттері-банктерге қойылатын талаптар;

ХҚЕС сәйкес қалыптастырылған резервтер сомасы, сондай-ақ қарыз алушының: осы міндеттеменің қамтамасыз етуі ретінде банктің иелігіне берілген салымдар;

Қазақстан Республикасының Үкіметі және Ұлттық Банк шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "AA" төмен емес тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар шет мемлекеттердің орталық үкіметтері шығарған мемлекеттік бағалы қағаздар;

тазартылған қымбат металдар;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдіктері;

"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының, "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамының және "ҚазАгро" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамының кепілдіктері;

банк шығарған бағалы қағаздар және банк сатып алған "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының, "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамының немесе олардың еншілес ұйымдары шығарған бағалы қағаздар бойынша кепіл ретінде ұсынылған және олар бойынша банктің даусыз өндіріп алу құқығын иемденетін бағалы қағаздар түріндегі міндеттемелері бойынша қамтамасыз ету сомасы шегеріле отырып есептеледі.";

65-тармақтың 11) тармақшасын тоқтата тұру кезеңінде осы тармақша мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"11) Ұлттық Банктегі мерзімді депозиттер;"

74-тармақты тоқтата тұру кезеңінде осы тармақ мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"74. Бірінші деңгейдегі сапасы жоғары өтімді активтер деп Нормативтердің 72-тармағында белгіленген талаптарды қанағаттандыратын және:

1) қолма-қол ақша;

2) Ұлттық Банктегі депозиттер;

3) Қазақстан Республикасының Үкіметіне, Ұлттық Банкке қойылатын талаптар, оның ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметі, Ұлттық Банк кепілдік берген бағалы қағаздар, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес жеке тұлғалардың ипотекалық қарыздарын сатып алуды жүзеге асыратын, акцияларының жүз пайызы Ұлттық Банкке тиесілі заңды тұлға шығарған бағалы қағаздар;

4) шет мемлекеттердің орталық үкіметтеріне және шет мемлекеттердің орталық банктеріне, халықаралық қаржы ұйымдарына қойылатын талаптар, оның ішінде шет мемлекеттердің үкіметтері және шет мемлекеттердің орталық банктері, халықаралық қаржы ұйымдары кепілдік берген, Нормативтерге 8-қосымшаға сәйкес Халықаралық қор биржалары болып танылатын сауда-саттықты ұйымдастырушылардың ресми тізімінде көрсетілген халықаралық қор биржаларында еркін айналыстағы және мынадай талаптардың әрқайсысына сай келетін бағалы қағаздар:

Нормативтерге 5-қосымшаға сәйкес Салымдардың кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген банк активтерінің кестесіне сәйкес 0 (нөл) пайыз кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленетін активтердің бірінші тобына жатады;

қаржы ұйымдарының немесе олармен үлестес ұйымдардың міндеттемелері болып табылмайды;

5) егер шет мемлекеттердің орталық үкіметтеріне және шет мемлекеттердің орталық банктеріне қойылатын талаптар Нормативтерге 5-қосымшаға сәйкес Салымдардың кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген банк активтерінің кестесіне сәйкес 0 (нөл) пайыздан жоғары кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленетін жағдайда, шет мемлекеттердің орталық үкіметтеріне және шет мемлекеттердің орталық банктеріне эмитент-елдің валютасымен номинирленген бағалы қағаздар түрінде қойылатын талаптар болып табылатын активтер танылады.

6) Standard & Poor' s агенттігінің "А"-тен төмен емес ұзақ мерзімді рейтингі немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының бейрезидент банктеріне корреспонденттік шоттар бойынша қойылатын талаптар.";

1-қосымшаға сәйкес Қарыздар мен дебиторлық берешек түріндегі банк активтерінің құнсыздануынан болған провизияларды (резервтерді) қалыптастыру жөніндегі

нұсқаудың 9-тармағы 4) тармақшасының жетінші абзацы тоқтата тұру кезеңінде осы абзац мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"Осы тармақшаның мақсаты үшін мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру мақсатында жүргізілген қайта құрылымдау, 2020 жылғы 16 наурыз – 15 маусым аралығындағы кезеңде берілген қарыз бойынша төлемнің мерзімін кейінге қалдырумен жүргізілген қайта құрылымдау, сондай-ақ қарыз алушының қаржылық қиындықтарға тап болуына байланысты қарыз алушыда төтенше жағдай енгізілгенге дейін соңғы 12 (он екі) ай ішінде қарыз бойынша төлемдердің күнтізбелік 30 (отыз) күннен астам мерзімінен өтуінің болмауы және қарыз алушының қаржылық қиындықтарға тап болуына байланысты төтенше жағдай енгізілгенге дейін соңғы 12 (он екі) ай ішінде жүргізілген қайта құрылымдауды жүргізу фактісінің болмауы талабымен қайта құрылымдау қарыздың құнсыздануының объективті растамасы болып табылатын оқиға ретінде танылмайды;"

5-қосымшаға сәйкес Салымдардың кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген банк активтерінің кестені тоқтата тұру кезеңінде осы қосымша осы қаулының 3-қосымшаға сәйкес мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін;

көрсетілген қаулымен бекітілген Ашық валюталық позицияны есептеу қағидалары мен оның лимиттерінде:

3-тармақтың бірінші бөлігі тоқтата тұру кезеңінде осы бөлік мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"3. Қағидаларда ашық валюталық позицияның мынадай лимиттері белгіленеді:

1) Standard & Poor's агенттігінің "A" төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе Moody's InvestorsService и Fitch агенттіктерінің (бұдан әрі – басқа рейтингтік агенттіктер) осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің шетел валютасы және "еуро" валютасы, сондай-ақ тазартылған қымбат металдар бойынша банктің меншікті капиталы шамасының 12,5 (он екі бүтін оннан бес) пайызынан аспайтын мөлшердегі, Standard & Poor's-тен "A"-дан кем емес тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар және "еуро" валютасы бар елдердің шетел валюталарындағы қысқа валюталық позициядан басқа ашық валюталық позиция (ұзақ және қысқа) лимиті;

Standard & Poor's "A" -дан төмен емес тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар және "еуро" валютасы банктің меншікті капиталының 7,5 (жеті бүтін оннан бес) пайызынан аспайтын елдердің шетел валюталарына қатысты ұзақ мерзімді валюталық позициясының лимиті;

2) Standard & Poor's агенттігінің "A" төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің шетел валютасы бойынша банктің меншікті капиталы шамасының 5 (бес) пайызынан аспайтын мөлшердегі ашық валюталық позиция (ұзақ және қысқа) лимиті;



3) банктің меншікті капиталы шамасының 12,5 (он екі бүтін оннан бес) пайызынан аспайтын мөлшердегі валюталық нетто-позиция лимиті."

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 18.06.2020 № 66 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. Алып тасталды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 18.06.2020 № 66 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5. "Инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар үшін пруденциялық нормативтердің, сондай-ақ олардың мәнінің сақталуын сипаттайтын көрсеткіштердің түрлерін белгілеу, Инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар сақтауға тиісті пруденциялық нормативтердің мәндерін есеп айырысу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 сәуірдегі № 79 қаулысында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17008 болып тіркелген, 2018 жылғы 12 маусымда Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) 2020 жылғы 30 наурыздан бастап 2020 жылғы 30 қыркүйекке дейін қоса алғанда мынадай нормалардың қолданылуы тоқтатылсын:

көрсетілген қаулымен бекітілген Инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар сақтауға тиісті пруденциялық нормативтердің мәндерін есеп айырысу қағидаларында:

қосымшаға сәйкес Инвестициялық портфельді басқарушының пруденциялық нормативтерінің мәнін есептеу кестесі осы қосымша тоқтата тұру кезеңінде осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес редакцияда қолданылады деп белгіленсін.

6. "Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар үшін пруденциялық нормативтердің, сондай-ақ олардың мәнінің сақталуын сипаттайтын көрсеткіштердің түрлерін белгілеу, Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар сақтауға тиісті пруденциялық нормативтердің мәндерін есеп айырысу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 сәуірдегі № 80 қаулысында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17005 болып тіркелген, 2018 жылғы 13 маусымда Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) 2020 жылғы 30 наурыздан бастап 2020 жылғы 30 қыркүйекке дейін қоса алғанда мынадай нормалардың қолданылуы тоқтатылсын:

көрсетілген қаулымен бекітілген Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар сақтауы тиісті пруденциялық нормативтердің мәндерін есептеу қағидаларында:

қосымшаға сәйкес нысан бойынша Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар сақтауы тиісті пруденциялық нормативтердің мәндерін есептеу кестесі осы қосымша тоқтата тұру кезеңінде осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін.

7. Қаржы ұйымдарының әдіснамасы және реттеу департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 8-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

8. Халықаралық қатынастар және сыртқы коммуникациялар басқармасы осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

9. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

10. Осы қаулы 2020 жылғы 30 наурыздан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының  
Қаржы нарығын реттеу және дамыту  
Агенттігінің Төрағасы*

*М. Абылкасымова*  
Қазақстан Республикасының  
Қаржы нарығын реттеу және  
дамыту агенттігі  
Басқармасының  
2020 жылғы 22 наурыздағы  
№ 19 қаулысына 1-қосымша  
Сақтандыру (қайта сақтандыру)  
ұйымының және сақтандыру  
тобының пруденциялық  
нормативтерінің және сақталуға  
міндетті өзге де нормалар мен  
лимиттердің нормативтік  
мәндеріне және оларды есептеу  
әдістемелеріне  
4-қосымша

**Сапасы мен өтімділігі бойынша жіктелуін ескере отырып, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы активтерінің кестесі**

--	--	--

№	Көрсеткіш атауы	Есепке алынатын көлем
1	2	3
1	Ақша - барлығы, оның ішінде:	
1.1	қайта сақтандыру активтерін шегергенде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы активтерінің сомасынан 1 (бір) пайыздан аспайтын сомада кассадағы ақша	100%
1.2	жолдағы, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі ақша	100%
1.3	осы қосымшаның 2.1 және 2.2-жолдарында көрсетілген Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі ағымдағы шоттардағы ақша	100%
1.4	осы қосымшаның 2.3-жолында көрсетілген Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі ағымдағы шоттардағы ақша	90%
1.5	Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі және орталық депозитарийдегі бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымның шоттарындағы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ақшасы	100%
1.6	Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі инвестициялық портфельді басқару қызметін жүзеге асыратын ұйымның шоттарындағы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ақшасы	100%
2	Салымдар - барлығы, оның ішінде:	
2.1	бұл банктер акциялары қор биржасының ресми тізімінің "Негізгі" алаңының "акциялар" секторы "премиум" санатына енгізілген немесе қор биржасы индексінің өкілдік тізімінде тұрған эмитенттер болып табылады деген талаппен Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар	100%
2.2	мынадай талаптардың біріне сәйкес келетін Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар: Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "B" төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі, немесе Standard & Poor's ұлттық шкаласы бойынша "kzBB+"-тен төмен емес рейтингтік бағасы, немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар; Қазақстан Республикасының бейрезидент бас банктері Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "A"-тен төмен емес шетел валютасындағы ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резидент еншілес банктері болып табылады	100%
2.3	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "B-" төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі, немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шкаласы бойынша "kzBB"-дан "kzBB"-ке дейінгі рейтингі, немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар	90%
2.4	Standard & Poor's агенттігінің "AA"-тен төмен емес ұзақ мерзімді рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдарындағы салымдар, Еуразиялық Даму Банкіндегі Қазақстан Республикасының ұлттық валютасындағы салымдар	100%
2.5	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BBB"-тен төмен емес ұзақ мерзімді рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар бейрезидент банктердегі салымдар	100%
3	Борыштық бағалы қағаздар - барлығы, оның ішінде:	

3.1	басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес айналысқа шығарылғандарды қоса алғанда, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары	100%
3.2	Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған, Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізіміне енгізілген борыштық бағалы қағаздар	100%
3.3	акцияларының жүз пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі, кәсіпкерлік қызметке байланысты емес жеке тұлғалардың ипотекалық қарыздарын сатып алуды жүзеге асыратын заңды тұлға шығарған борыштық бағалы қағаздар	100%
3.4	Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес "Қазақстанның Даму Банкі", "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры", "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі, "Проблемалық кредиттер қоры" акционерлік қоғамдары шығарған борыштық бағалы қағаздар	100%
3.5	Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған , қор биржасының ресми тізімінің "Негізгі" алаңының "борыштық бағалы қағаздар" секторына енгізілген Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының мемлекеттік емес бағалы қағаздары немесе шетел валютасында номинирленген және "Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында жұмыс істейтін қор биржасында ашық сауда-саттыққа жіберілген Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары	90%
3.6	Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған , қор биржасының ресми тізімінің "Балама" алаңының "борыштық бағалы қағаздар" секторына енгізілген Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары	60%
3.7	Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған , (эмитентте) Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "B+"-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар, немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шкаласы бойынша "kzBBB"-тен төмен емес рейтингі, немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының мемлекеттік емес бағалы қағаздары	100%
3.8	Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған , (эмитентте) Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "B"-тен "B"-ке дейінгі рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар, немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шкаласы бойынша "kzBBB"-тен "kzBB"-ке дейінгі рейтингі, немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары	85%
3.9	Standard & Poor's агенттігінің "A+"-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар, сондай-ақ Еуразиялық Даму Банкі шығарған және Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында номинирленген борыштық бағалы қағаздар	100%
3.10	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BB+"-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар шет мемлекеттердің борыштық бағалы қағаздары	100%
3.11	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BB"-тен "B+"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар шет мемлекеттердің борыштық бағалы қағаздары	90%

3.12	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "B"-тен "B"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар шет мемлекеттердің борыштық бағалы қағаздары	80%
3.13	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BB+"-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар шетелдік эмитенттердің мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары	100%
3.14	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BB"-тен "B+"-ке дейінгі рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар шетелдік эмитенттердің мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары	85%
3.15	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "B"-тен "B"-ке дейінгі рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар шетелдік эмитенттердің мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары	70%
4	Акциялар және депозитарлық қолхаттар - барлығы, оның ішінде:	
4.1	Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының және негізгі қор индекстерінің құрамына енгізілген шетелдік эмитенттердің акциялары және осы акциялар базалық активі болып табылатын депозитарлық қолхаттары	100%
4.2	қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, қор биржасының ресми тізімінің "Негізгі" алаңы "акциялар" секторының "премиум" санатының талаптарына сәйкес келетін заңды тұлғалардың акциялары және осы акциялар базалық активтері болып табылатын депозитарлық қолхаттар	100%
4.3	қор биржасының ресми тізімінің "Негізгі" алаңы "акциялар" секторының "стандарт" санатына енгізілген Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғаларының акциялары немесе шетел валютасында номинирленген, "Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында жұмыс істейтін қор биржасында ашық сауда-саттыққа жіберілген Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғаларының акциялары және базалық активтері осы акциялар болып табылатын депозитарлық қолхаттар	80%
4.4	қор биржасының ресми тізімінің "Балама" алаңының "акциялар" секторына енгізілген Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының акциялары және осы акциялар базалық активтері болып табылатын депозитарлық қолхаттар	60%
4.5	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BB+" төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының және шетелдік эмитенттердің акциялары және осы акциялар базалық активі болып табылатын депозитарлық қолхаттар	100%
4.6	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BB"-тен "B+"-ке дейінгі рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының және шетелдік эмитенттердің акциялары және базалық активі осы акциялар болып табылатын депозитарлық қолхаттар	80%
4.7	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "B"-тен "B"-ке дейінгі рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының және шетелдік эмитенттердің акциялары және осы акциялар базалық активі болып табылатын депозитарлық қолхаттар	60%
4.8	"Сактандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының акциялары	100%
5	Өзге бағалы қағаздар - барлығы, оның ішінде:	
5.1	қор биржасының ресми тізіміне енгізілген инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары	70%

5.2	активтерінің құрылымы негізгі қор индекстерінің бірінің құрылымын қайталайтын немесе олардың пайлар бойынша баға белгілеулері негізгі қор индексіне байланысты болатын Exchange Traded Funds (ETF) пайлары	90%
5.3	Morningstar рейтингтік агенттігінің "3 жұлдыздан" төмен емес рейтингтік бағасы бар Exchange Traded Funds (ETF), Exchange Traded Commodities (ETC), Exchange Traded Notes (ETN) пайлары	80%
5.4	(эмитентінің) Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BBB-"-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы, немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шкаласы бойынша "kzAAA"-дан төмен емес рейтингтік немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бар, Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының исламдық қаржыландыру құралдары	100%
5.5	(эмитентінің) Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BB+"-тен "BB-"-ке дейін рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы, немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шкаласы бойынша "kzAA+"-тен "kzA-"-ке дейін рейтингтік немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бар, Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының исламдық қаржыландыру құралдары	90%
5.6	(эмитентінің) Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "B+"-тен "B"-ке дейін рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік, немесе Standard & Poor's ұлттық шкаласы бойынша "kzBBB+"-тен "kzBB-"-ке дейін рейтингтік немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бар Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының исламдық қаржыландыру құралдары	80%
5.7	бас ұйымдарының Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BBB-"-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар, Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының исламдық қаржыландыру құралдары	90%
6	Өзге активтер - барлығы, оның ішінде:	
6.1	тазартылған бағалы металдар және металл депозиттері	100%
6.2	"өмірді сақтандыру" саласы бойынша қызметін жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтанушыларына негізгі борыш сомасынан 100% (жүз) пайыз көлемінде қарыздар	100%
6.3	сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өтімділігі жоғары активтер сомасынан 5 (бес) пайыз аспайтын сомада жылжымайтын мүлік түріндегі негізгі құрал-жабдықтары	100%
6.4	сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының негізгі қызмет мақсаты үшін сатып алынған бағдарламалық қамтамасыз ету (жинақталған амортизацияны ескере отырып өзіндік құны мен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өтімділігі жоғары активтері сомасынан 10 (он) пайыз аспайтын мөлшерінде)	100%
6.5	қайта сақтанушылардан алуға жататын сома, сақтанушылардан (қайта сақтанушылардан) және делдалдардан алынатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өтімділігі жоғары активтері сомасынан 10 (он) пайыз аспайтын сомадағы сақтандыру сыйлықақылары	100%
6.6	бағалы қағаздар эмитенттеріне бағалы қағаздар шығарылымы проспектісінде көзделген айналыс мерзімі аяқталуына байланысты туындайтын бағалы қағаздардың номиналды	100%

құнын төлеуге қойылатын талаптар (бағалы қағаздар шығарылымы проспектісінің талаптары бойынша мерзімі өтпеген)

Қазақстан Республикасының  
Қаржы нарығын реттеу мен  
дамыту агенттігі  
Басқармасының  
2020 жылғы 22 наурыздағы  
№ 19 қаулысына  
2-қосымша

Сақтандыру (қайта сақтандыру)  
ұйымының және сақтандыру  
тобының пруденциялық  
нормативтерінің және сақталуға  
міндетті өзге де нормалар мен  
лимиттердің нормативтік  
мәндеріне және оларды есептеу  
әдістемелеріне  
5-қосымша

## Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының жоғары өтімді активтерінің кестесі

№	Көрсеткіш атауы	Есепке алынатын көлем
1	2	3
1	Ақша - барлығы, оның ішінде:	
1.1	қайта сақтандыру активтерін шегергенде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы активтерінің сомасынан 1 (бір) пайыздан аспайтын сомада кассадағы ақша	100%
1.2	Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі және орталық депозитарийдегі бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымның шоттарындағы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ақшасы	100%
1.3	осы қосымшаның 2.1 және 2.2-жолдарында көрсетілген Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі ағымдағы шоттардағы ақша	100%
1.4	осы қосымшаның 2.3-жолында көрсетілген Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі ағымдағы шоттардағы ақша	90%
1.5	Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі инвестициялық портфельді басқару қызметін жүзеге асыратын ұйымның шоттарындағы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ақшасы	100%
2	Салымдар - барлығы, оның ішінде:	
2.1	бұл банктер акциялары қор биржасының ресми тізімінің "Негізгі" алаңының "акциялар" секторы "премиум" санатына енгізілген не қор биржасы индексінің өкілдік тізімінде тұрған эмитенттер болып табылады деген талаппен Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар	100%
2.2	мынадай талаптардың біріне сәйкес келетін Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар: Standard & Poor's агенттігінің "B"-дан төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі немесе Standard & Poor's ұлттық шкаласы бойынша "kzBB+"-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар;	100%

	Қазақстан Республикасының бейрезидент бас банктері Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "А"-тен төмен емес шетел валютасындағы ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резидент еншілес банктері болып табылады	
2.3	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "В-" ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі, немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шкаласы бойынша "kzBB"-дан "kzBBB"-ке дейінгі рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар	90%
2.4	Standard & Poor's агенттігінің "AA"-тен төмен емес ұзақ мерзімді рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдарындағы салымдар, Еуразиялық Даму Банкіндегі Қазақстан Республикасының ұлттық валютасындағы салымдар	100%
2.5	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BBB"-тен төмен емес ұзақ мерзімді рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар бейрезидент банктердегі салымдар	100%
3	Борыштық бағалы қағаздар - барлығы, оның ішінде:	
3.1	басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес айналысқа шығарылғандарды қоса алғанда, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары	100%
3.2	Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған, Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізіміне енгізілген борыштық бағалы қағаздар	100%
